**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 8D01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Анарбек Лаура Анарбекқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

# АҢДАТПА


**Зерттеудің тақырыбы:** Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, оның құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемелік кешенін әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. «Акмеология» және «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымдарын талдау, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін, мәні мен құрылымын айқындау.

2. Жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық үдерісінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық алғышарттары мен педагогикалық әлеуетін анықтау және ғылыми тұрғыдан негіздеу;

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру, оны педагог кадрларды кәсіби даярлау тәжірибесіне енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

**Зерттеудің нысаны:** жоғары оқу орнында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлау үдерісі.

**Зерттеудің пәні: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту үдерісі.**

**Зерттеудің әдістері:**

Теориялық әдістер: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және акмеологиялық ғылыми әдебиетті талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту және жүйелеу; ғылыми дереккөздерді контент-талдау; нормативтік құқықтық құжаттар мен білім беру бағдарламаларын талдау; акмеологиялық құзыреттілікті дамыту үдерісін педагогикалық модельдеу.

Эмпирикалық әдістер: сауалнама, тестілеу, педагогикалық бақылау, сараптамалық бағалау, жағдаяттық (кейс) тапсырмаларды шешу, жобалық іс-

әрекет нәтижелері мен кәсіби портфолионы талдау, рефлексиялық күнделіктерді зерделеу; педагогикалық эксперимент.

Диагностикалық әдістер: В.Э. Мильман, Э. Шостром (А. Маслоудың өзін-өзі өзектендіру теориясы негізіндегі И.К. Аманованың модификациясы), М. Рокич, А.В. Карпов және Дж. Роттер тұжырымдамаларына сүйеніп құрастырылған «Кәсіби-акмеологиялық мотивация», «Мамандыққа құндылықтық қатынас және кәсіби жауапкершілік», «Кәсіби рефлексия және өзін-өзі реттеу» авторлық сауалнамалары, «Акмеологиялық білім» авторлық тесті, жағдаяттық тапсырмалар мен бақылау картасы; алынған сандық және сапалық нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар):**

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігі - педагогтің өз кәсіби және тұлғалық дамуын баланың білім алу қажеттіліктерін, жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып саналы түрде жоспарлауына, жүзеге асыруына және бағалауына мүмкіндік беретін интегративті кәсіби-тұлғалық сапа. Оның құрылымы өзара байланысты төрт компоненттен тұрады: мотивациялық-құндылықтық (аксиологиялық) компонент кәсіби өзін-өзі жетілдірудің қозғаушы негізі болса, когнитивтік (танымдық) компонент акмеологиялық дамудың ғылыми негізін құрайды, операционалды-әрекеттік (практикалық) компонент білімді, білікті және әрекет тәсілдерін іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ал рефлексивтік-бағалау компоненті жеке даму траекториясын ұғынуды, өзін-өзі бағалауды және түзетуді қамтамасыз етеді. Акмеологиялық құзыреттілікті дамытудың теориялық негізін тұлғаның кемелдікке ұмтылуы туралы философиялық тұжырымдамалар (Аристотель, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы және т.б.), кәсіптік-педагогикалық білім беру теориясының қағидалары (В.А. Сластенин, Н.В. Кузьмина, Ш.Т. Таубаева және т.б.), тұлғаның дамуы мен өзін-өзі өзектендіруі туралы психологиялық тұжырымдамалар (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, А. Маслоу және т.б.) және акмеологияның іргелі қағидаларының (А.А. Бодалев, А.А. Деркач, А.К. Маркова және т.б.) кірігуі құрайды.

2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту әлеуметтік-нормативтік, ғылыми-теориялық, психологиялық, педагогикалық және практикалық алғышарттардың жиынтығына негізделеді. Зерттеудің әдіснамасын жалпығылыми деңгейде жүйелі және синергетикалық тұғырлар, нақты ғылыми деңгейде жетекші акмеологиялық тұғыр және онымен өзара байланысты құзыреттілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, рефлексивтік тұғырлар құрайды. «6В01201 - Мектепке дейінгі білім беру» білім беру бағдарламасын, пәндерді және кәсіби практиканы талдау олардың акмеологиялық әлеуеті жанама түрде іске асатынын көрсетті. Осыған байланысты акмеологиялық құзыреттілікті мақсатты дамыту үшін жетілдіруді қажет ететін мазмұндық, мотивациялық-құндылықтық және интеграциялық бағыттар анықталды. Тұлғаның кәсіби стресске жауап беруінің үш деңгейі көрсетілді: кәсіби күйіп кету, акмеге

ұмтылу және акмеге жету. Акмеге жетуде стрессті басқарудың, ресурстарды сақтаудың, оптимизм мен лидерлік сапаның рөлі негізделді.

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттық, нормативтік-құқықтық, теориялық, әдіснамалық, әдістемелік және бағалау блоктары мен нәтижеден тұратын тұтас жүйе болып табылады; әр компонент үшін өлшемдер, көрсеткіштер және даму деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды. Модель кәсіби даярлықтың акмеологиялық әлеуетін «оқу - модельдеу - практика» сатыларын бірізді жүзеге асыру және Ф. Кортхаген моделі негізінде бейімделген «Акме-ALACT» спиральдық рефлексивтік циклі арқылы тұтас жүйеге біріктіреді. Модельдің тиімділігі мынадай педагогикалық шарттар арқылы қамтамасыз етіледі: акмеологиялық мазмұнның элективті курс арқылы кәсіби даярлыққа кіріктірілуі; кәсіби практика түрлерінің «оқу - модельдеу - практика» сатыларына сай сабақтастырылуы; оқытушы мен әдіскердің субъект-субъектілік қолдауы; жеке кәсіби даму жоспары мен акмеологиялық портфолио негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби өсуінің жүйелі түрде бірлесіп бағалануы.

4. «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының бағдарламасы мен дәрістер жинағын, «Акмеология» оқу құралын, «Акмеологиялық сөздікті», «Акме-ALACT» спиральдық моделін жүзеге асырудың әдістемелік нұсқаулығын және авторлық диагностикалық құралдарды қамтитын оқу-әдістемелік кешен акмеологиялық тренинг, кейс-технология, микрооқыту, рефлексивтік технология, портфолио, жобалау және цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігінің барлық компоненті бойынша оң динамиканы қамтамасыз етеді; бұл тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бақылау кезеңінде эксперименттік және бақылау топтары арасындағы статистикалық мәнді айырмашылықтармен расталады.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:** зерттеу нәтижелері ғылыми аппараттың зерттеу мазмұнына сәйкестігімен; жұмыстың философиялық, психологиялық, педагогикалық және акмеологиялық тұрғыдан негізделуімен; қолданылған жүйелі, синергетикалық, акмеологиялық, құзыреттілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және рефлексивтік тұғырлар мен ұстанымдардың мазмұндық нақтылануымен; теориялық және эмпирикалық әдістер кешенін, стандартталған және авторлық диагностикалық әдістемелерді тиімді пайдаланумен; жиналған деректердің сенімділігі мен шынайылығымен; «акмеология» және «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымдарына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми идеяларын жан-жақты талдап, оларды зерттеушінің авторлық анықтамаларымен толықтырумен; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеумен; эксперименттің айқындаушы және бақылау кезеңдеріндегі көрсеткіштердің

салыстырмалы тиімділігімен, сондай-ақ диссертациялық зерттеудің ғылыми болжамының расталуымен сипатталады.

**Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының, олардың ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігінің негіздемесі:** зерттеуде тұжырымдалған әр ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі мынадай:

*1-нәтиже - жаңа.* Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігі педагогтің өз кәсіби және тұлғалық дамуын бала мүддесіне сәйкес саналы жоспарлауына, жүзеге асыруына және бағалауына мүмкіндік беретін интегративті кәсіби-тұлғалық сапа ретінде жаңа қырынан анықталды. Оның мотивациялық-құндылықтық (аксиологиялық), когнитивтік (танымдық), операционалды-әрекеттік (практикалық) және рефлексивтік-бағалау компоненттерін, сегіз өлшемі мен жиырма төрт көрсеткішін қамтитын құрылымы негізделді. Жалпығылыми (жүйелі, синергетикалық) және нақты ғылыми (акмеологиялық, құзыреттілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, рефлексивтік) тұғырлар және олардан туындайтын тұтастық, өзін-өзі ұйымдастыруды қолдау, үздіксіз өзін-өзі дамыту және жетілдіру, кәсіби бағыттылық, субъект-субъектілік өзара іс-қимыл, инновациялық бағдарлылық және акмеологиялық мониторинг ұстанымдары негізделді. «Балаға бағытталған акме», «акме-траектория», «акме-құзыреттілік», «кәсіби жақын даму аймағы», «акмеологиялық рефлексия» ұғымдары мен «қос айна» заңдылығы ұсынылып, ғылыми айналымға енгізілді.

*2-нәтиже - жаңа.* Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың әлеуметтік-нормативтік, ғылыми-теориялық, психологиялық, педагогикалық және практикалық алғышарттары айқындалды; қоғам сұранысы мен жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар анықталды. «6В01201 - Мектепке дейінгі білім беру» білім беру бағдарламасын, оқу пәндері мен кәсіби практиканы талдау негізінде олардың акмеологиялық әлеуеті жанама түрде іске асатыны анықталып, акмеологиялық құзыреттілікті мақсатты дамыту үшін жетілдіруді қажет ететін мазмұндық, мотивациялық-құндылықтық және интеграциялық бағыттар айқындалды. Кәсіби стресске жауап берудің үш деңгейі көрсетілді: дезадаптивтік (кәсіби күйіп кету), адаптивтік (акмеге ұмтылу) және проактивтік (кәсіби акмеге жету); акмеге жетудегі стрессті басқарудың, ресурстарды сақтаудың, оптимизм мен лидерлік сапаның рөлі негізделді.

*3-нәтиже - жаңа.* Мақсаттық, нормативтік-құқықтық, теориялық, әдіснамалық, әдістемелік және бағалау блоктары мен нәтижеден тұратын болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Оның ерекшелігі – кәсіби даярлықтың акмеологиялық әлеуетін «оқу - модельдеу - практика» сатыларын бірізді жүзеге асыру арқылы тұтас жүйеге біріктіруі. Модельді іске асырудың төрт педагогикалық шарты негізделді. Практикадағы жүйелі рефлексияның тетігі ретінде Ф. Кортхагеннің ALACT моделі негізінде

бейімделген «Акме-ALACT» спиральдық моделі ұсынылды; ол түпнұсқадан айырмашылығы ретінде цикл орталығына кәсіби идеалды (акмені) қояды, кері шолу кезеңіне баланың әрекеті мен көңіл күйін енгізеді және циклге спиральдық сипат береді. Әр компонент үшін өлшемдер, көрсеткіштер және даму деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды.

*4-нәтиже - жаңа.* Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған авторлық оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, білім беру үдерісіне енгізілді: «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының бағдарламасы мен дәрістер жинағы, «Акмеология» оқу құралы, «Акмеологиялық сөздік», «Акме-ALACT» спиральдық моделін жүзеге асырудың әдістемелік нұсқаулығы, диагностикалық кешен («Акмеологиялық білім» авторлық тесті, «Кәсіби-акмеологиялық мотивация», «Мамандыққа құндылықтық қатынас және кәсіби жауапкершілік», «Кәсіби рефлексия және өзін-өзі реттеу» авторлық сауалнамалары, жағдаяттық тапсырмалар, бақылау картасы), жеке кәсіби даму жоспары мен акмеологиялық портфолионың үлгілері. Кешен акмеологиялық тренинг, кейс-технология, микрооқыту, рефлексивтік технология, портфолио, жобалау және цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылды; оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен расталды.

**Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:** диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына және қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жүргізілді. Атап айтқанда, зерттеу барысында мынадай құжаттар басшылыққа алынды: 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдары; Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары (2019, 2020 және 2025 жж. - «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан»); Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» қаулысы; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың және жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамалары; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; «Педагог» кәсіптік стандарты және білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар; Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары; Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Баршаға арналған сапалы әрі қолжетімді білім» ұлттық баяндамасы; Қазақстан Республикасының білім

беру саласындағы зерттеушілердің әдеп кодексі және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы.

**Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы (диссертация авторының үлесі жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен көрсетіледі).** Диссертациялық жұмыс бойынша 16 ғылыми еңбек жарыққа шықты, соның ішінде 2 мақала Scopus базасындағы халықаралық ғылыми журналдарда; 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 1 мақала шетелдік ғылыми журналда; 1 мақала отандық ғылыми журналда; 4 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланды; сондай-ақ 1 оқу құралы, 1 акмеологиялық сөздік, 1 әдістемелік нұсқаулық; 1 дәрістер жинағы жарық көрді.

1.A study of acmeological competencies among pre-service teachers through psychometric and demographic lenses. Educational Process: International Journal, Volume 14, 2025. pp. 1-18. (Scopus) DOI: 10.22521/edupij.2025.14.14. *Мақалада болашақ педагогтердің акмеологиялық құзыреттіліктері психометриялық және демографиялық көрсеткіштер тұрғысынан зерттеліп, олардың даму деңгейі талданады.* Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: G. Sarsenbayeva - 10%, E. Uteubayeva - 10%, K. Moldabek - 5%, A. Kozybay - 5%).

2.Development of acmeological competencies of future preschool organization teachers. Cypriot Journal of Educational Sciences, Volume 17, Issue 8, 2022. pp. 2593-2604. (Scopus) DOI: 10.18844/cjes.v17i8.7823. *Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттіліктерін дамыту мәселелері қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: G. Sarsenbayeva - 10%, E. Uteubayeva, N. Abuova - 10%, Zh. Tolybayeva - 10%).

3.Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының акме дайындығы. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(65), 2020. 40-43 б. DOI: 10.51889/2020-1.1728-5496.06. *Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акме-дайындығының мәні мен ерекшеліктері қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы автор: А.Е. Манкеш - 20%).

4.Болашақ педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың акмеологиялық тәсілдері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, №2(147), 2024. 219-229 б. DOI:10.32523/2616-6895-2024-147-2-219-229. *Мақалада болашақ педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау жүйесіндегі акмеологиялық тәсілдер талданады.* Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы авторлар: Г.М. Сарсенбаева - 10%, Г.Б. Исаева - 10%).

5.Formation of pedagogical thinking of future specialists based on the acmeological approach. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(84), 2024. 119-128 б. DOI:

10.51889/2959-5762.2024.84.4.011. *Мақалада акмеологиялық тұғыр негізінде болашақ мамандардың педагогикалық ойлауын қалыптастырудың теориялық негіздері мен жолдары қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: G.M. Sarsenbayeva - 15%, G. Yucel - 15%).

6.Мектепке дейінгі білім берудегі болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторлары. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті. Көпсалалы ғылыми журналы. №2, 2025, 11-18 бет. DOI: 10.52269/RWEP252211 *Ғылыми мақала болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлік шыңына (акме) жетуіне ықпал ететін ішкі мотивтер мен оқу жағдайларын анықтауға арналған.* Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: У. Кыякбаева - 15%, А. Искакова - 15%).

7.Применение акмеологического подхода в системе повышения качества профессиональной подготовки будущих педагогов. Российская академия образования. Московский психолого-социальный университет. Научно-практический журнал «Новое в психолого-педагогических исследованиях. Теоретические и практические проблемы психологии и педагогики», №1(64), январь-март, Москва, 2022. С. 40-44. DOI: 10.51944/20722516_2022_1_40. *Мақалада болашақ педагогтерді кәсіби даярлау сапасын арттыру жүйесінде акмеологиялық тұғырды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы автор: А.С. Москвина - 30%).

8.Formation of the skills pedagogical acmeology in the system of training future teacher. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы, №4(59), 2021. 296-301 б. DOI:10.52081/bkaku.2021.v59.i4.125. *Мақалада болашақ педагогтерді даярлау жүйесінде педагогикалық акмеология дағдыларын қалыптастыру жолдары қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы автор: А.Е. Манкеш - 20%).

9. Современное состояние дошкольного образования в Казахстане. XI Международная научно-практическая конференция «Инновационная деятельность в дошкольном образовании», Москва-Пушкино, 2020. стр.129-135. *Мақала елдегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің даму бағыттарын, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелері мен балабақшалардағы инновациялық реформаларды талдауға арналған. Жұмыста білім беру мазмұнын жаңарту және педагогтердің инновациялық қызметін арттыру мәселелері қарастырылады*. Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: Н. Жаксылыкова - 15%, А. Козыбай - 15%).

10.Акме качества педагогов дошкольных учреждений по обновленной программе обучения. Международный школьно-вузовский кластер «Профессиональное развитие педагога» «Образование в XXI веке», г. Иркутск, РФ, 2020. С. 407-413. *Мақалада жаңартылған оқу бағдарламасы жағдайында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акме-сапалары сипатталады.* Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы автор: А.Е. Манкеш - 20%).

11.Особенности деятельности дошкольных организаций в Казахстане. Актуальные проблемы теории и практики психологических, психолого-педагогических и педагогических исследований. Международная научно-практическая конференция «XV Левитовские чтения». Москва, 2020. С. 27. *Мақалада Қазақстандағы мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің ерекшеліктері мен қазіргі даму бағыттары қарастырылады.* Докторанттың үлесі - 100%.

12. Структурный анализ общения детей старшего дошкольного возраста. The driving force of science and trends in its level development. I International Scientific and Theoretical Conference. Coventry, 2021, p. 117-120. DOI: 10.36.074/29.01.2021.V2. *Мақалада ересек мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасының құрылымы талданады.* Докторанттың үлесі - 60% (қосалқы авторлар**:** S. Yerkebayeva 10%, U. Kyyakbayeva 10 %, S. Oshakpayeva 10 %, A. Tussupova 10 %).

13.«Акмеология». Оқу құралы. - Алматы: ЖШС «Lantar books», 2026. - 210 б. *Оқу құралында акмеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері, «акме» ұғымының мәні және педагогтің кәсіби дамуының акмеологиялық заңдылықтары жүйеленген*. Докторанттың үлесі - 70% (қосалқы авторлар: А.Е. Манкеш - 10%, У.К. Кыякбаева - 20%).

14.«Акмеологиялық сөздік». Терминологиялық сөздік. - Алматы: ЖШС «Lantar books», 2026. - 71 б. *Сөздікте акмеология және акмеологиялық құзыреттілік саласындағы негізгі ұғымдар мен терминдердің анықтамалары берілген.* Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы автор: У.К. Кыякбаева - 20%).

15.«Акме-ALACT» спиральдық моделін жүзеге асырудың әдістемелік нұсқаулығы. Әдістемелік нұсқаулық. - Алматы: ЖК «Иманел», 2026. - 48 б. *Әдістемелік нұсқаулықта оқу және кәсіби практикада жүйелі рефлексияны ұйымдастыру үшін «Акме-ALACT» спиральдық моделін қолдану тәсілдері ұсынылған*. Докторанттың үлесі - 100%.

16.«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориясы мен практикасы» (дәрістер жинағы). Оқу құралы. - Алматы: ЖШС «Lantar books», 2026. - 120 б. *Дәрістер жинағында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздері мен практикалық мәселелері қарастырылады*. Докторанттың үлесі - 80% (қосалқы автор: У.К. Кыякбаева - 20%).